

## ИНДИКАТИВТІ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАУ МІНДЕТ

Ректорат жиынына арқау болған индикативті жоспарды орындау көрсеткіші бойынша кезекті екі факультет өз есептерін ұсынды. Университетте бекітілген барша факультеттер орындауға тиіс индикативті жоспардың жүзеге асырылу барысын филология және әлем тілдері факультеті мен физика-техникалық факультеті баяндады.

Жақында ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінде «Жаңа әлеуметтік» саясат тақырыбында Елбасының халыққа жолдауы негізіндегі ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

## ЖАСТАРҒА АРТЫЛАР СЕНІМ ЗОР

Конференция аясында университетіміздің тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Мендігүл Сағатқызы Ноғайбаева студенттерге арнап ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жана жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты халыққа жолдауының «Жаңа әлеуметтік саясаты» тарауы негізінде ҚазҰУ ұжымының алға қойған мақсаты туралы баяндама оқыды. Сонымен қатар аталмыш жиынға филология факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы, ҚазҰУ-дың жедел әрекет ету орталығы жетекшісінің міндетін атқарушы Есенғали Тұрдыбекұлы Қамшаев, тәрбие жұмысы және тіл саясатын ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Әбішев Талғат Болатұлы, Қауіпсіздік комитеті қызметінің жетекшісі Ернарар Қамидоллаұлы Ишанов және оқу бөлімінің бастығы Айжан Асылбекова атсалысты.

Жалғасы 2-бетте

## Совмещая теорию и практику

На юридическом факультете КазНУ кафедра гражданского права и гражданского процесса, трудового права совместно с локальным профсоюзом «Парасат» работников вуза и Алматинским филиалом Санкт-Петербургского гуманитарного университета профсоюзов провели международный круглый стол «Модернизация трудового законодательства РК и стран СНГ: теория и практика».

В роли модератора доцент Т. М. Абайдельдинов определил цели и задачи данной конференции. Он подчеркнул, что очень рад присутствию на конференции студентов двух вузов – ведь именно они будут работать, используя положения нового Трудового Кодекса РК. Комментируя выступления участников, модератор неоднократно подчеркивал, что вопросы модернизации трудового права сложны и многообразны. Их важность для обеспечения устойчивого социально-экономического развития сегодня обрела особую значимость.

Лишь общими усилиями власти, профессиональных союзов и бизнес-сообщества можно повысить заработную плату, создать безопасные условия труда, обеспечить соблюдение трудовых прав работников, решить многие другие социальные и экономические проблемы.

В работе круглого стола приняли участие представители отраслевых профессиональных союзов, работодателей, государственных и судебных органов, общественных объединений, сотрудники научных и образовательных учреждений – преподаватели, магистранты, бакалавры.

Продолжение на 5 стр.



Алдымен мінбеге филология және әлем тілдері факультеті деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Есімова Жұлдыз Дәпенқызы шықты. Ол өзі еңбек ететін факультеттің бас жоспарға қатысты атқарылған іс-шараларының орындалу деңгейін баяндау кезінде мынадай бағыттарға ерекше тоқталып өтті: «Филология және әлем тілдері факультеті – индикативті жоспардың әлеуметтік тәрбие бағыты бойынша 2 орынға тұрақтады. Яғни, әлеуметтік тәрбие жұмыстары 70%-ға орындалды. Осы бағытта белгіленген іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне осы салаға жауап беретін мамандарымызбен қатар, ұстаздар мен студенттер де ерекше қарқынмен атсалысты. Сондай-ақ 2015-2016 оқу жылының бірінші жарты жылдығында орындалған кадамдардың қорытындысы бойынша факультетіміз жоспардағы халықаралық байланыс орнатуды да жақсы деңгейде атқара алды. Тағы бір мақтанашпен айтатын жайт – біздің факультет әлемнің көптеген ЖОО-ларына түсуге арналған сынақ түрі – IELTS сертификаты бойынша көшбасшы факультеттер қатарында», – деді. Жұлдыз Дәпенқызы одан әрі кафедралар мен факультет ұйымдарының жұмыстарына баға беріп, ұстаздар

тарапынан орындалған істердің, өндірістік тәжірибе, қос диплом бағдарламасы, аккредиттеу сынды бөлімдердің жай-күйіне тоқталды.

Келесі кезекте күн тәртібіндегі мәселе бойынша есеп беруді физика-техникалық факультетінің деканы Асқар Ербұланұлы Давлетов жалғастырды. Факультет деканы: «Физика-техникалық факультеті бірінші жарты жылдықта университетіміздегі ең маңызды жоспар – индикативті жоспарды жүзеге асыруды жақсы деңгейде атқара алды деп ойлаймын. Себебі факультетімізде жоспардағы оқу-әдістемелік, әлеуметтік тәрбие, инновациялық жобалар, өндірістік тәжірибе сынды бағыттар бойынша кең көлемде шаралар ұйымдастырылып, көзделген мақсатқа жету үшін тынбай еңбектендік. Соның ішінде өткен жартыжылдықтың қорытындысы бойынша факультетіміз ғылыми-инновациялық бағыт бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде екінші орынға табан тіреді. Бұл – біз үшін зор жетістік. Студенттердің білім деңгейі мен шығармашылық тұрғыда дамыған маман ретінде қалыптасуына ерекше мән берудеміз. Ұстаздардың кәсіби біліктілігін одан әрі тереңдету түсуге күш жұмсаудамыз», – дей келе, өзге де бағыттар бойынша орындалған шаралар жөнінде кеңінен баяндады.

Жалғасы 2-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

ҰЛТТЫҚ КӨСЕМСӨЗ  
ЖАНРЛАРЫНА  
АРНАЛҒАН СОНЫ ЕҢБЕК

3-бет



ЖУРНАЛИСТИКА  
ҰЛТҚА  
БӨЛІНБЕЙДІ

4-бет



БІЛІМ -  
БҮКІЛ ӘЛЕМДЕ

8-бет



Мәскеуде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою рәсімі өтті.

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



«Қол қойылған келісім Еуразиялық экономикалық одақ құру аясында туындаған көптеген ғылыми сұрақтардың жауабын бірігіп табуға мүмкіндік береді», – деді ҚазҰУ ректоры. Ол беделді QS (Ұлыбритания) халықаралық рейтинг агенттігінің қыркүйек айындағы зерттеулер қорытындысы бойынша ТМД-дан үздік-300 университет қатарына: ММУ, СПбМУ, ҚазҰУ енгенін

еске сала кетті. Мәскеу мемлекеттік университетінің ректоры сөз кезегінде қазақстандық әріптестерімен бұрыннан ынтымақтасып келе жатқанын атап өтті. «Бізді біріктіретін бірнеше байланыс бар: біз доспыз, әріптеспіз. ҚазҰУ түлектері ММУ-дің аспирантурасында білім алса, керісінше ММУ түлектері

ҚАЗАҚПАРАТ

Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасының белсенді және ең озат студенттеріне Түркия Республикасы, Анкара қаласы Халықаралық түркі мәдениеті ұйымы (ТҮРКСОЙ) шәкіртақы тағайындады.

## ТҮРКСОЙ ШӘКІРТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАДЫ

Халықаралық ұйымның негізгі мақсаты – түркі халықтарының арасындағы байланысты нығайту, жазба мұраларды сақтау, дамыту және келешек ұрпаққа ортақ материалдық және рухани, мәдени құндылықтарды жеткізудегі орнының маңыздылығын арттыру болып саналады.

Шәкіртақы сертификаттарын GRA көрсеткіштері жоғары және бірнеше түркі тілдерін меңгерген, қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысатын студенттер иеленді. Олар: «Шетел филологиясы: түрік тілі» мамандығы бойынша 2-курс студенттері – Меруерт Нуркеева, Балжан Мырзахмет, 3-курс студенттері – Нұргүл Қуандық, Давлет Токпулатов және «Түркітану» мамандығы бойынша 2-курс студенті Айым Күзенбаева, 3-курс студенттері – Гүлбану Әли, Зульфира Имашева, Дилярам Аюпова. Бұл шара «Еңбек түбі – береке» екендігін дәлелдей түседі.

Көп оқыған адам ғана мақсатына жетеді. Шынайы зейінмен оқылған білім ғана өмірлік азық болмақ дей келе, студенттерімізді бұл қуанышымен шын жүректен құттықтаймыз!

**Б.Б. ЕШМЕТОВА,**  
Түрксой кафедрасы  
меңгерушісінің орынбасары

келешегі. Мектептен бастау алып, ЖОО-да жалғасатын білім жүйесі жыл сайын жанаруда. Оған себеп – жаһандық дамыған заманда технологияның қарыштап дамуы. Осы ретте білімді дайын өнімге бағыттамай, барынша күшпен еңбектенуге дағдылану қажет. Бұл, ең алдымен, білім ордасы талап ететін ұстаным», – деп өз ойын аяқтады.

ҚазҰУ-дың жедел әрекет ету орталығы жетекшісінің міндетін атқарушы Есенғали Тұрдыбекұлы да жастарға қарата: «Құрметті білімгерлер, біздің университетімізде, қалашығымызда әрбір ҚазҰУ студенті жан-жақты білім алуға, еңбек етуге, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуға және демалуға толықтай жағдай жасалған. Қалашық жайлы әрі қауіпсіз болу үшін ректорат, деканат және қауіпсіздік мекемесі тарапынан көптеген қызметкерлер күні-түні жұмылдырылуда. Сіздерден кәсіби маман иелері қалыптасу үшін күш жұмсаудамыз. Қалашығымызда орын алып отырған кез келген тәртіп мәселесі дер кезінде өз шешімін тауып, қажетті шаралар қолданылуда. Бауыржан Момышұлы атамыз: «Тәртіпке бас иген құл емес» деп айтқандай, баршаңызды тәрбиелі, тәртіпті болып, сапалы білім алуға шақырамын» деп, өз ойын ортаға салды.

Осылайша жастарға көп ой салған жиынды факультет деканы Өмірхан Әбдиманұлы қорытындылап, баяндама оқыған университет қызметкерлеріне алғыс білдірді. Көп мәліметке қаныққан студенттер де ұстаздарына ризашылықтарын айтып, ерекше ықыласпен тарқасты.

Қаламқас БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

## ЖАСТАРҒА АРТЫЛАР СЕНІМ ЗОР

Жалғасы. Басы 1-бетте



Тәрбие ісі жөніндегі департамент директоры Меңдігүл Сағатқызы өз сөзінде: «Патриотты жастарды тәрбиелеу үшін бізге, ең алдымен, тәртіп, одан кейін білім керек. Сіздер, жастар, ілімге үйір, білімге құштар болып, ғылымға келсеніздер, Қазақстанның бірегей тұтастығы сақталып, «Мәңгілік елдің» іргетасы қалана бермек», – деп пікір білдірді. Ол өз баяндамасында қазіргі таңда әлем бойынша орын алып отырған дағдарыс, мұнай бағасының төмендеуі, доллар бағамының күрт өсуі секілді экономикалық мәселелермен қатар өзге елдерде болып жатқан наразылықтар, әлемнің әртүрліріндегі орын алып отырған терроризм, геосаяси жағдайындағы тұрақтылық сынды мәселелерге шолу жасады. Жаһандық дағдарыстан аман шығуға Елбасымыздың 2015 жылғы жолдауы жолбасшы болатынын атап өтті. Сөз соңында: «Мемлекет менен,

сенен бастау алады, жас дос! Ортамызды игілікті, ісімізді берекелі ету, шебер маман атану мен асқақ армандарға жету – бәрі өзіміздің қолымызда. Тынбай еңбек етіп, еліңнің, өскен ортаның мәртебесін арттырып, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық таныту да әр адамның ниетінің өлшеміне байланысты», – дей келе, барша студенттерді кәсіби білім алуға, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуға, оқу корпустарында тәртіп пен тазалықты сақтауға, өзге де орындарда мәдениеттілік танытуға, үлкен алдында ізеттілік, кіші алдында кішіпейілділік көрсетіп, мейірімді болуға шақырды.

Келесі сөз кезегі оқу бөлімінің бастығы Айжан Асылбекқызына берілді. А.А. Асылбекова Елбасы Жолдауындағы жаңа қазақстандық білім беру жүйесіне тоқталды. Ол жастар ел келешегі екенін ерекше атап өтіп, «Елбасымыз айтқандай, кейінгі буын, жастар – елдің

### РЕКТОРАТ

## ИНДИКАТИВТІ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАУ МІНДЕТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Жоспардағы бөлімдер бойынша физика-техникалық факультетінде еңбекпен қамту, шетелдік ЖОО-мен байланыс, студенттерді халықаралық байқаулар мен олимпиадаға қатыстыру, шетелдік студенттерді оқыту, қос диплом, біліктілікті арттыру секілді бөлімдері бойынша жасалған жұмыстарды толығымен айта отырып, келесі жарты жылдықта бұдан да үлкен көрсеткіштерге қол жеткізуді алға қоятындықтарын жеткізді.

Күн тәртібіндегі басты мәселелер есебі тыңдалғаннан кейін көпшілік алдына әкімшілік департаментінің директоры Әбілқайыр Әбіләкімұлы шығып, ректорат қаулыларының орындалу барысын қадағалау туралы айтты. Одан кейін жиынға қатысушылар механика-математика факультетінің деканы Мақтағали Әбдімәжитұлының университет делегациясының Мәскеуге іссапары туралы, Баспасөз қызметінің жетекшісі Дәурен Құмарханұлының Цзянсу университетімен ынтымақтастық туралы, Бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлының университет делегациясының Сианьге іссапары туралы есебін тыңдап, Данара Қылышбекқызының баяндамасынан «Әл-Фараби» республикалық олимпиадасына дайындық барысынан құлағдар болды.

Сондай-ақ бұл жиынға белгілі қоғам қайраткері, «Казгипромцветмет» ЖШС президенті, ҚР еңбек сіңірген құрылысшысы Токан Жақиянұлы Шайжүнісов келіп, ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М.М. Бүркітбаевпен консорциум құру жөніндегі меморандумға қол қойды.

Қаламқас АМАНҚОСОВА

**Ректоры КазНУ им. аль-Фараби и МГУ им. М.В. Ломоносова подписали  
Соглашение о сотрудничестве**

**Жақында журналистика факультетінде филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Қамзиннің «Публицистика жанрларының эволюциясы» атты оқу құралының тұсаукесер рәсімі өтті.**

# ҰЛТТЫҚ КӨСЕМСӨЗ ЖАНРЛАРЫНА АРНАЛҒАН СОНЫ ЕҢБЕК



сипат ерекшеліктері мен публицистика жанрларының фактографиялық, ақпараттық-талдамалық, көрнекі-бейнелегіш, философиялық, санаткерлік негіздемесі баян етілген. Еңбекте қазақ публицистикасы жанрлары ғылыми-методологиялық жағынан мейлінше байыпталған тың ойлар да жетерлік.

Тұсаукесер салтанатында оқу құралының мән-маңызы туралы факультет деканы С. Медеубек: «Осы

заманғы журналистика жанрларының дамуына байланысты ақпарат кеңістігінде жүріп жатқан үдерістер мен құбылыстар жүйелі түрде оқырманға ұсынылып отыр. Бұл – еңбек журналистиканы шынайы ғылымдар санатына көтерген, қазақ журналистикасының ұлттық реңін қанықтырған, қазақ көсемсөз жанрларының қазіргі ақпараттық кеңістіктегі орнын теориялық жағынан анықтап берген соны туынды. Ғылыми-

концепциялық және қолданбалық қырлары да жан-жақты тиянақталған. Публицистика жанрлары – қазіргі журналистика индустриясының шығармашылық стандартын айқындайтын сала. Сондықтан ғалым еңбегін өте жоғары бағалаймыз. Сонымен қатар еңбекті басып шығарған ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті» баспа үйіне алғысымыз шексіз», – деді.

Ғылыми еңбектің тұсаукесеріне жиналған ғалымдар «бұл тек қазақы кеңістік қана емес, бүкіл түркі ақпарат сферасына өнегелік леп ретінде қабылдауға болатын шығарма» деген қорытындыға келді.

Ақпараттық кеңістіктегі сан сипатты баспасөз қызметін, теориясы мен тәжірибесін саралау, бәріне ортақ мәмле ұсынған ғалым еңбегі ғалым-педагогтардың, ізденушілердің, жастардың және практик-журналистердің рухани санасы мен біліктілігін арттырады сөзсіз.

**Әйгерім ӘЛІМЖАН,**  
журналистика факультетінің  
аға оқытушысы

Аталған ғылыми-әдістемелік еңбекте ұлттық көсемсөз жанрларының даму өрісі, өзіне тән сипаттары жан-жақты қарастырылған. Публицистика жанрларының пайда болуы, орнығуы, дәстүрлі жүйесінің кемелденуі мен бүгінгі бет-бейнесі де тереңнен зерделенді. Журналистика жанрларының жаңа жіктелім жүйесі мен пішіндері, масс-медиа мәтіндерінің динамикалық күш-қуаты, қазіргі ақпарат алаңындағы ұлттық құбылыстар үдерісі тұжырымдалады. Журналистика жанрлары формаларының түрленуі уақыт контекстінде, заманалы сана мен ғылымның жетістігі, медиастратегия ретінде қарастырылады.

Қазақ ауыз әдебиетінен бастау алған көсемсөз жанрларын төл тамырымен қамтыған кітапта журналистиканың табиғатпен, жаратылыспен, ноосферамен, макро және микроәлеммен және нақты ғылымдармен сабақтастығына жіті назар аударылған. Оқырман аудиториясына ұлттық мазмұн мен

## Укрепление философии с наукой



**В КазНУ прошло очередное заседание научного семинара кафедры социологии и социальной работы «Пути укрепления новой роли философии с наукой».**

Открывая семинар и обращаясь к его участникам, заведующая кафедрой профессор Г. Абдирайымова отметила, что занятие научного семинара посвящается обсуждению новой роли философии в науке. Цель семинара – научить слушателей овладению интерактивными методиками, использовать классические философские концепции для создания социологических процессов и реализовать их в практике, научного восприятия главных идей, высказанных в публикациях, связанных с разработкой принципов критического, творческого мышления, способствующего децентрализации личности и формированию постклассического образа человека. Дать

слушателям осмысление идей творческого диалектического мышления с точки зрения автора. Формировать классический тип мышления и подлинную диалектичность, нацеленную на изменение типа отношения и к внешней, и к внутренней природе человека, дающего возможность формирования творческого мышления.

По многочисленным просьбам в качестве главного эксперта семинара была приглашена казахский философ, обладатель Золотой медали имени Ы. Алтынсарина, специалист по теории познания и истории философии, главный научный сотрудник комитета науки МОН РК Г. Г. Соловьева. Грета Георгиевна – академик Академии

социальных наук, заведующая отделом фарабиеведения и мировой философии Института философии, политологии и религиоведения МОН РК, преподаватель этики, философии и гендерологии в Алматинском филиале Санкт-Петербургского гуманитарного университета профсоюзов.

Наибольший интерес слушателей семинара вызвал рассказ профессора Г. Г. Соловьевой об истории античной философии. В период, где формировались основные принципы западной философии и намечалось множество мировоззренческих и методологических ориентаций, которые были развернуты в последующих исторических и культурных контекстах.

Много лет занимаясь гендерными исследованиями и ведя авторские курсы «Гендер», «Введение в теорию гендера» и «Основы гендерного образования», Г. Г. Соловьева занимается проблемами межэтнических отношений, диаспор, евразийства, национальной идеей «Мәңгі ел». Грета Григорьевна разъяснила слушателям о том, что идея «Мәңгі ел» – мерило будущей страны. По ее мнению, эта формулировка основана на философском толковании рефлексии. В философии рефлексия, в частности, понимается как знания, обращенные на себя. А веское знание о себе есть изменение себя.

Эксперт дал несколько аргументированных рекомендаций для успешной реализации ценностей, необходимых для высокопрофессионального государственного аппарата, который

формируется на жестких принципах меритократии, основанных на альтруизме, профессионализме, образованности, креативности, эрудированности, талантности, конкурентоспособности, перфекционизме.

Современная философия направлена на формирование компетентных, эрудированных, профессиональных людей, реализующих на практике ценности, отражающие сущность пяти институциональных народных реформ на практике.

Она объяснила также новые методы исследования категорий философии «Содержание и форма», «Сущность и явление», время и его «Пространство», «Территория для индустриализации». Грета Григорьевна, отвечая на вопросы профессора Б. Н. Кылышбаевой, доцента М. Маулышариф, доцента С. С. Серикжановой, обстоятельно объяснила, что все фундаментальные концепции, имеющие отношение к современной социологии, как «от живого созерцания к абстрактному мышлению, и от него к практике» – таков диалектический путь познания объективной реальности.

Грета Григорьевна, завершая свое выступление, пришла к выводу, что новая философия с новыми задачами служит решению пяти институциональных реформ комплексной генеральной программы, выдвинутой президентом Н. Назарбаевым.

**К. У. БИЕКЕНОВ,**  
д. соц. н., профессор кафедры  
социологии и социальной работы

**3-4 ақпан аралығында география және табиғатты пайдалану факультетінде профессор М.Ж. Жандаевтың 100 жасқа толуына орай халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді**



**Серік ЖҰМАБЕКҰЛЫ,**  
*журналистика факультетінің аға-оқытушысы:*

# ЖУРНАЛИСТИКА ҰЛТҚА БӨЛІНБЕЙДІ

журналистикада бәрі ортақ. Тек ақпаратты беру тілі басқа, оқиға орны басқа. Ұзақ жыл «Егемен Қазақстан» газетінде қызмет ету барысында көптеген әлемдік жиындарда шетелдік журналистермен жарыса ақпарат таратқан кездеріміз аз емес. Бәріміздің қолымыздағы ақпарат деректері бірдей. Тек тарату әдістеріміз басқа, тіліміз басқа, ішкі мүддеміз басқа. Осыдан келіп журналистиканың түрлері шығады. Мемлекеттік, тәуелсіз, оппозициялық деген тәрізді. Бірақ бәрі — журналистика. Бұл мамандықтың қыр-сыры уақыт өткен сайын тереңдей береді, қызығы ешқашан таусылмайды.

—Журналистикада оқытылуы тиіс қандай негізгі міндетті пәндерді ұсынар едіңіз?

—БАҚ саласына жұмысқа тұрған журналистке айлық не үшін төленеді? Редакция қоржынындағы хаттар мен авторлардан келіп түскен туындыларды өңдеп, жөндеп, жарыққа шығарғаны үшін төленеді. 1.«Мәтінді өңдеу және жөндеу» деп аталатын пәнді жетік меңгермеген адам бұл жұмысты атқара алмайды. (Пәндердің атын мен әзірге шартты түрде атаймын).

2.«Жанрдың түрлері мен ерекшеліктерін» меңгермеген адам өзі журналистік шығармалар жаза алмасы белгілі. Тіпті бұл екеуін жұмыс барысында қинала жүріп меңгергеннің өзінде оны оқырман қызыға оқитындай етіп жазуың керек қой.

3.«Журналистік шеберлікті шындау» деген пән осындайда ауадай қажет. Мұны бағындырғаннан кейін талдап, таразылап, саралап жазуға үйренуің керек.

4.«Талдамалы журналистика» пәні осыны оқытады. Талдап таразылауға да үйрендік дейік. Енді ол тақырыпты тереңдеп зерттеуге тура келсе ше?

5.«Журналистік зерттеу» пәнін оқымайынша, бұған да қол жеткізу қиын. Бұлардың бәрін меңгергеннен кейін белгілі бір сала жөнінде тереңдей жазуға тура келеді.

6.«Салалық журналистиканың» керек тұсы — осы. Осы аталған алты пәнді толық меңгермеген журналист «Тайбурылдың 43 күндік кемдігін» өмір бойы сезініп өтетіні анық. Сондықтан осы пәндер бізде базалық пәндер ретінде оқытылса деп ойлаймын. Бұларды мен ойдан шығарып отырған жоқпын. Сонау сексенінші жылдардың басында біздер М.В.Ломоносов атындағы МГУ-де оқып жүргенде осы пәндер міндетті түрде оқытылатын және бұл пәндерді көпжылдық

тәжірибесі бар, есімі елге белгілі практик-журналистер жүргізетін. Егер мен отыз жылдан астам уақыт бойы құқық саласына қалам тартып, аздықтөпті елге танылсам, алдымен сол мәскеулік қаламгерлерге қарыздармын деп ойлаймын.

Бір ғана саланың қаншама китүркі тұстары бар. Осыған дейін бір байқағаным, бір саланы меңгерген журналист кез келген салаға оңай еніп кете алады. Себебі бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Өмірдің бәрі заң, бәрі есеп. Экономика тақырыбына жазып отырып, заңдарға, заң тақырыбына жазып отырып, қаржы мәселесіне кезігуің мүмкін.

Қалғандарының бәрін әркім өзі ізденіп меңгере алады.

Біз МГУ-де оқып жүргенде екі жылдық тағылымдама деген болатын. Журналистикаға басқа мамандықтан келгендер сол екі жылдық курсты бітіргеннен соң МГУ-дің журналистика факультетінің дипломын алып шығатын. Бәлкім, бізге де содан үлгі алуға болар. Мұны негізінен оқу үдерісімен айналысатын бөлімдер шешеді ғой. Біздікі — білгенімізді ортаға салу ғана.

—Өзіңіз тәрбиелеп жүрген болашақ журналистерге қаншалықты көңіліңіз толады немесе Сіз олардан не талап етесіз?



Досжан Балабекұлының коллажы

—Таяуда университетімізге іссапармен келген вице-премьер Дариға Назарбаева барлық факультеттерге «Журналистика негіздері» пәнін енгізу керек немесе салалық журналистер дайындауға ерекше күш жұмсауымыз қажет деген ұсыныс айтты. Осыған қалай қарайсыз?

—Дариға Нұрсұлтанқызы кезінде «Хабар» телеарнасын құрып, оны біраз жыл өзі басқарғанын жақсы білеміз. Ол кісі де журналистикаға басқа мамандықтан келген. Сондықтан да журналистиканың осы бір осал тұсын бүгінде дөп басып айтып отыр. Басқа факультеттегілер бізге келіп оқыса немесе біздер оларға барып «Журналистика негіздерін» жүргізсек те жоғарыда көрсеткен алты пән міндетті түрде оқу бағдарламасына кіруі керек шығар. Себебі, журналист болам деген басқа мамандық иелерін жазуға үйрететін сол пәндер ғана.

—Ізденімпаз жастарымыз жетерлік. Бұл мені қуантады. Әрине, бірінші орынға тәртіп пен тәрбиені қоямыз. Одан кейін сапалы білімді міндеттейміз. Бірақ қазіргі жастардың көпшілігінде бір кемшілік бар. Олар газет-журнал, кітап оқымайды. Оқыса да өте аз. Кітапханаларға жиі барып тұрамын. Жастарды аз кездестіремін. Қазіргі ұл-қыздарымыз ақпаратты ғаламтор беттерінен оқи салады. Ал баспасөзді оқудың жөні бір басқа. Сондықтан жастарға мерзімді басылымдарды, кітаптарды оқуға кеңес берер едім.

—Әңгімеңізге үлкен рахмет. Жұмысыңызға жеміс тілейміз!

Сұхбаттасқан  
Қаламқас АМАНҚОСОВА

# «ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...»

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген өлең жолдарын естігенде, білім берген ұстаздарымыз көз алдымызға елестейді. Олар бізге білім беріп қана қоймай, өмірге деген көзқарасымызды қалыптастырады, білім мен ғылым жолында тәрбие береді. Осындай ұстаздардың бірі әрі бірегейі – ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасында көптеген жылдар бойы қызмет етіп, шәкірттерін білім мен ғылым нәрінен сусындатқан **Ф.-м. ғ. к., профессор Кеңес Болатқұлұлы Жұманов ақпан айының 5 жұлдызында 80 жасқа толмақ.**



«Атомдық және ядролық физика», «Атомдық физика және спектроскопия», «Атом және ядро физикасы», «Лазерлік жүйелер және технологиялар» пәндерінен жоғары дәрежеде дәріс береді. Сонымен қоса методикалық, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. К.Б. Жұмановтың 50-ден аса еңбектері, оның ішінде 1 оқулық, 10 оқу құралы, есептер жинағы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді.

Елу жылдан астам уақыт ішінде тынбай еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеп келе жатқан Кеңес Болатқұлұлы – өте қарапайым, салмақты жан. Ол бүгінгі күнге дейін атомдық физика саласы бойынша дәріс оқып, семинарлық және зертханалық сабақ өткізіп, студенттерге білім беруін тоқтатқан жоқ.

Құрметті Кеңес Болатқұлұлы, сізді кафедра ұжымы атынан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, бақ-береке тілейміз! Қазақстанды алға жетелейтін жастарды тәрбиелеуде біздің сізден үйренеріміз көп. Ел игілігі жолындағы еңбегіңіз жана берсін!

Плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасы  
ұжымының атынан аға оқытушы  
**Г.Н. ШЫНЫҚҰЛОВА**

Қарапайым ғана ауыл топырағында дүниеге келген Маратқа қана емес, бүтін ауыл үшін ол кезде фотография таңсық еді. Оның бұл салаға келуі де тосыннан басталған.



## ПАН ГИ МУННАН АЛҒЫС АЛҒАН ФОТОГРАФ

Алтыншы сыныпта оқитын Марат Кеңесұлы сыныбымен бірге ауылға айына бір рет аудан орталығынан ат басын бұратын фотоаппарат суретке түседі. Арада екі-үш апта өткеннен кейін фотоаппараттың суреті дайын болады. Жанталаса жүгірген оқушылар жапатармағай таласып суреттерін алысады. Марат та солардың қатарында еді. Бірақ, ішіндегі ең нашар сурет те Марат Кеңесұлының кескіні еді. Өзінен-өзі қатты ұялғаннан ол балалықпен суретті көпшілікке көрсетпей, үйіне тығып қояды, тастайын десе, бағалы дүние екенін сезеді.

Әр күн сайын суретке деген назын білдіріп, күбірлеп жүрген шақтары әлі есінде. Осы кемшіліктердің орнын толықтырып, сауатты суретке түсіру мақсатында әкесінің қаржысымен 1976 жылы алғаш рет фотоаппарат сатып алады. Тілін түсіне бермейтін мектеп оқушысы өзінен озық, техникаға үйір достарынан бұл ғажайыптың сырын ұғынады. Ең бастысы, өзіне ұнайтын кадр түсіру ендігі оның негізгі мақсатына айналады. Балалық арманмен фотографияға осылай тосыннан келген ағамыз бертін келе шынайы фотография әлеміне қадам басып, сан салалы тақырыпқа фоторепортаж жасаумен айналысты.

Әскерге шақырылып, Отан алдындағы абыройлы борышын да ол сәтті орындап шығады. Тағдырдың бұйрығы ма, әскер саласында жүріп те осы саламен шұғылданады. Өте озық әскери фотообъективпен жабдықталған барлау құрылғысы түсірілімінің тізгінін ұстаған Марат Кеңесұлы сан түрлі жауапты міндеттерді тиянақты атқарады. Әр түсірген кадры аса құнды болды. Алыстағы жаудың ұшағынан бастап, кемесіне дейін озық құралмен суретке түсіріп, тиісті атқарушы билікке жеткізіп отырған ол «әсердің фотоқыраны» атанды.

Дегенмен, ағамыз кәсіби фотожурналистикаға 1991 жылдан бастап кіріскенін айтады. «Зениттен» бастап сандық фотоаппараттың сан түрімен жұмыс жасайды. Оның фоторепортаждағы дүниелері облыстық, республикалық басылым беттерінде жиі жарық көріп тұрған. Фотоаппараттың ең сәтті түсірілген репортаждарының бірі – өткен жылы Астана қаласында орын алған ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтановтың БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунға ҚазҰУ-дың құрметті профессоры дәрежесін ұсынған сәті еді. Марат Кеңесұлы дәл осы репортажды түсіруге жолдама алған күннен бастап, бір ай өзін-өзі дайындап, жетілдірген. Нәтижесінде, барлық суреттері композициялық жағынан өте сәтті әрі дұрыс жүзеге асты. Міне, сол еңбегі үлкен марапатқа ие болды. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің атынан 2015 жылы бірлесіп жасаған еңбегі үшін ҚР СІМ Алматы қаласы өкілдігінің басшысы Арслан Дандыбаевтан арнайы алғыс хат алады. Алғыс хатта Марат Кеңесұлына министрлік тарапынан үлкен ризашылық білдірген және толағай табыс тілеген.

Сондай-ақ Марат Кеңесұлы БҰҰ Бас хатшысын түсірген фотосуреттерін үлкен фотоальбом етіп, жарыққа шығарады. АҚШ-қа БҰҰ кеңесіне арнайы шақырылған университетіміздің Бірінші проректоры М. Бүркітбаев мырза оның жасаған сыйын Бас кеңседе арнайы табыстайды. Бұл сыйлықты ерекше қуанышпен қабыл алған Пан Ги Мун мырза: «Бұл мен үшін Қазақстан сапарынан үлкен естелік болды», – деп ыстық ықыласын білдіріпті.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

## Совмещая теорию и практику

Продолжение. Начало на 1 стр.

Открывая конференцию, представители локального профсоюза «Парасат» работников КазНУ отметили, что одним из важнейших направлений данного мероприятия является модернизация профсоюзного движения. Все участники конференции в своих выступлениях отмечали, что роль профсоюзов в нашем обществе очень велика. Свидетельством тому служит постоянное внимание Президента Казахстана Н. А. Назарбаева к профсоюзным проблемам.

Сейчас профсоюз «Парасат» работников КазНУ занят подготовкой нового Коллективного договора между администрацией и работниками, так как срок действия старого истекает в 2016 году. И вне всякого сомнения, итоги конференции позволят сделать этот важный документ еще лучше. При подготовке Коллективного договора члены профкома вуза в первую очередь помнят слова Президента о том, что все детали коллективных договоров должны быть гласными и прозрачными, их следует разъяснять каждому работнику. Социальное партнерство в КазНУ за последние годы вышло на новый уровень. Ни один важный вопрос в университете – будь то работа конкурсной комиссии, награждение лучших работников или проведение праздников – не решается без участия профкома. «Мы с удовольствием поделимся нашим опытом работы и воспримем лучшие идеи участников конференции», – отметил председатель профкома КазНУ Т. К. Мекебаев.

В ходе круглого стола директор Алматинского филиала Санкт-

Петербургского Гуманитарного университета профсоюзов Т. Л. Баталова подробно осветила проблемы, стоящие перед вузами, готовящими юристов. Генеральный секретарь Казахстанской конфедерации труда М. Р. Машкенов в своем выступлении «Профсоюзное строительство и социальное партнерство» заострил свое внимание на том, что роль профсоюзов в формировании гражданского общества и стабильности экономического развития государства в настоящее время недооценена исполнительными органами власти. Большой интерес вызвало выступление члена рабочей группы по подготовке проекта Трудового Кодекса РК 2015 года Н. В. Гилевой «Либерализация трудовых отношений. Концептуальная модель нового Трудового кодекса».

На заключительном заседании были подведены итоги и предложены рекомендации по совершенствованию законодательства РК в области модернизации профсоюзного движения, а также социальной защиты населения и совершенствования социального законодательства РК.

**О. П. ЛОЖНИКОВА,**  
заместитель председателя профсоюза «Парасат» работников КазНУ;  
**С. Т. ТЫНЫБЕКОВ,**  
зав. кафедрой гражданского права, гражданского процесса и трудового права КазНУ, д.ю.н., профессор

# Образованная нация – развитое государство

**Каким же должно быть образование, которое позволит каждому человеку надеяться в будущем на полноценную самореализацию? В сфере образования – это путь знаний, умений, накопленных и развитых человеком в течение тысячелетий.**

в том, чтобы молодежь пополняла запас знаний, так как ей предстоит строить будущее нашей страны, поскольку без разносторонних знаний невозможно идти в ногу со временем. И для этого в стране ежегодно выделяются средства на проведение различных олимпиад, конкурсов, грантов и других мероприятий по поддержке молодых людей, ученых в их творческой, спортивной и научной деятельности.

Получая знания, мы знакомимся с достижениями человечества, в том числе с духовными благами, такими, как искусство, религия, мораль, а также правилами этикета. Образованный человек стремится сохранить культурное наследие предков.

Образование неразрывно связано с воспитанием человека. Конечно, первое образование мы получаем в семье, а затем в детском саду, в школе и, конечно в высших учебных заведениях. Помимо этого, каждый человек занимается самообразованием, самостоятельно читает книги, посещает духовно-культурные мероприятия, размышляет, тем самым это приводит к его саморазвитию, самосовершенствованию.

В Казахстане образование ребенка начинается с детского сада. Существует понятие «дошкольное образование», означающее, что каждого ребенка готовят к школе: развивают мелкую и крупную моторику, учат писать, читать, рисовать, знакомят с окружающим миром, а также в детских садах изучают английский язык, что позволяет расширить знания ребенка. На сегодняшний день современная школа настолько сложна, что прийти в нее нужно хотя бы с каким-то багажом знаний.

Достижением современного Казахстана также является альтернативная школа – это лицеи, гимназии. Что позволяет выбирать ученику школу с его интересами и потребностями: математический лицей или языковую гимназию и т.д.

Также созданы и другие формы обучения, такие как экстернат, домашнее и дистанционное образование.

Каждый человек уникален, а значит необходимо учитывать его интересы и дать возможность раскрыться. Ведь для этого создаются кружки, классы, школы с различными направлениями обучения.

Школа включает в себя начальную (первые четыре класса), общую среднюю

(девять классов) и полную среднюю (11 классов). После 9 класса можно поступить в колледж и получить среднее специальное образование. Колледж – это путь к следующей ступени – получению высшего образования в вузе.

В нашей стране создана единая система непрерывного образования. Бакалавр, окончив курс обучения, может продолжить образование в магистратуре, а тот, кто мечтает о карьере ученого, то ему следует поступить в докторантуру PhD. «Доктор» – с латинского языка, означает «ученый человек».

Образование – это сложный процесс, который предполагает передачу знаний и их усвоение обучающимися. По мнению многих великих педагогов, понятия «образование» и «воспитание» – неразрывны, так как воспитание – это тоже передача накопленного опыта, т.е. тех же знаний, умений, нравственных, этических и правовых норм. От того, насколько мы будем умными и образованными, зависит будущее нашей страны.

**А. Б. ШАРИПОВА,**  
к.ю.н., и.о. доцента

кафедры уголовного права,  
уголовного процесса и криминалистики

## Маман біліктілігін арттыру – уақыт талабы

ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультеті шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасына қарасты Аударма орталығы жаңа жылды жарқын қадамдармен бастады. Аударма орталығының директоры ф.ғ.к., доцент Л. Мұсалының ұйымдастыруымен 20 қаңтардан 1 ақпанға дейінгі аралықта республикамыздың мектеп және жоғары оқу орындары оқытушыларына арналған «Шет тілдерін оқыту әдістемесі» курсы өтті.



ҚазҰУ-дың Біліктілікті арттыру институтының директоры Б.Шайкенов және ұжым мүшесі С. Налибаевамен бірлесіп жүзеге асқан шара қазіргі таңдағы шет тілдерін оқыту әдістерімен таныстыру, толықтыру және дамытуды мақсат еткен болатын. Біліктілікті арттыру курсына еліміздің түкпір-түкпірінен шет тілдері мұғалімдері мен университет оқытушылары қатысты. Батыс Қазақстан облысының Ақтау, Орал қалаларынан, Шығыс Қазақстаннан, Қостанайдағы Лисаковск қаласынан, Қарағанды және Алматы қалаларынан келген тыңдаушылар курс дәрістеріне ерекше қызығушылық танытты.

Курста оқылған дәрістер заман талабына сай, қызықты әрі мазмұнды болды. Филология және әлем тілдері факультетінің шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының білікті де тәжірибелі мамандары мен әдіскерлері сабақ жүргізді. Атап айтсақ, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

А.К. Садықова., ф.ғ.к., доцент И.Ф.Оразбекова, аға оқытушылар Т.П.Колесникова, А.К.Валиева, Т.О.Қоңырбековалар шет тілін, оның ішінде ағылшын тілін оқытудың жана әдістерін ортаға салып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Курс бағдарламасы мынадай тақырыптарды қамтыды: «Ағылшын тілі сабақтарында түрлі ойындарды қолдану», «Сөйлеу (Speaking) дағдыларын дамыту әдістері», «Оқытуды (Reading) үйретудегі инновациялық әдістер», «Шетел тілі сабақтарында фильмді қолдану» және т.б.

Курста оқытылған тақырыптар тыңдаушылар талабынан шығып, олардың қызығушылықтарын арттыра түсті. Тыңдаушылар курс жүргізген дәріскерлерге ерекше ықыластарын білдіріп, алғыстарын жаудырып жатты. Еліміздің шалғай аудандарынан келген мектеп мұғалімдері өз тәжірибелеріне тәжірибе қосып, жана тыныс алғандарын білдірді.

Сондай-ақ дәріс барысында ҚазҰУ-дың Біліктілікті арттыру институтының директоры Барлық Шайкенов университеттің ғылым мен білім саласындағы жетістіктерімен таныстырып, тыңдармандарға ұрпақ тәрбиесінде зор жетістіктер тіледі. Әр тыңдарманға курстың куәлін өз қолымен табыс етті.

Елбасымыздың үш тілдік саясатын жүзеге асыру бағытында ағылшын тілі оқытушыларына аталған курстың орасан зорықпалеткені анық. Шетелфилологиясы және аударма ісі кафедрасының «Аударма орталығы» маман біліктілігін арттыратын курстарды болашақта да белсенді жүзеге асырмақ.

**Д.А. ҚАРАҒОЙШИЕВА,**  
шетел филологиясы және аударма ісі  
кафедрасының меңгерушісі, PhD;  
**Т.О. ҚОҢЫРБЕКОВА,**  
аға оқытушы

## БІРТУАР

«Өртті сөндіруден гөрі –  
оны тұтатпау ерлік»

Д. Қонаев

**«Еліңді сүйсең, ерлік істейсің» демекші, Қазақстанды 40 жыл басқарған елге ерекше сыйлы тұлға – Дінмұхаммед Қонаевты еске алу кеші халықаралық қатынастар факультетінде өткен болатын. Бұл кештің қадірменді қонақтары – Қонаев атамның немере қарындасы және ол кісінің атына берілген мұражай басшысы Серікбаева Жанет Дәулетқызы, өмірінің соңғы 20 жылында тексерілген жеке дәрігері Мулюков Ахат Аминұлы, 100 жылдығына әуен жазған Ербол Спаналиев және өлең жолдарын арнаған Шолпан Сартай болды.**

Д. Ахметұлы ел басқарған жылдары кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылар кенті мен 43 қала пайда болды. Түсті металлургия саласы жоғары деңгейге жетті. Астық, ауыл шаруашылығының өнімдері жыл сайын артып отырды.

Қазақ өнерін жоғары бағалаған. Өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетіне зор үлес қосқан. Республика сарайы, спорт және мәдениет сарайы, «Медеу» спорт кешені, аэро және темір жол вокзалдары бой көтеріп, қала көркін ашқан.

Еске алу кешінде артына өлмес сөз, өшпес өсиет қалдырған, жау жағадан алып, бөрі етекпен тартқан тар заманда қазақ еліне қорған бола білген Дінмұхаммед атамның еліне сіңірген еңбегі кенінен сөз болды.

Артында қалып ардақтаған халқы, абзал інілері марқұмның мәңгілікке бет алған ізгі істерін ешқашан ұмытпақ емес!

**Г.К. ДОСЫБАЕВА,**  
педагогика ғылымдарының  
кандидаты, доцент;  
**А.К. ТАЛҒАТ,**  
халықаралық қатынастар  
факультетінің 1-курс студенті

Жетістікке жету үшін жоғары білім алу аз, өз біліктілігіңді үнемі арттырып, бәсекеге қабілетті маман болу керек. Себебі бүгінгі мәртебелі заңгерлер, экономистер, маркетингтер ертең екінші орынға шегініп, олардың орнын инженерлер, биологтар, химиктер алары жоққа шығарылмайды. Сондықтан талап етілген мамандық бойынша диплом иегері емес, нағыз маман болу міндетті. Халық арасында көпшілік таңдайтын бірнеше мамандықтар бар. Олар әр қоғамда қандай жағдай болмасын сұранысқа ие. Солардың бірі – заңгерлік. Бұл мамандық иелері мемлекеттік мекемелерде, заң органдарында, түрлі ұйымдарда, шағын фирмаларда, кәсіпорындарда, коммерциялық және қоғамдық құрылымдарда ауадай қажет. Сондықтан көп адамдардың заңгер болуға деген құштарлығы бекер емес.

## Менің мамандығым

Заңгер мамандығы пайда болған қиындықты шешуге бағытталады. Заңгер әділетсіздіктің құрбаны болған тұлғаға, қылмыстан зардап шеккен жәбірленушінің өз құқықтарын қалпына келтіруге, оларды қорғауға, заңсыз жұмыстан шығарылған адамның қайта жұмысына тұруына, даулы мүліктік және тұрғын үй сұрақтарын шешуге көмек береді. Тергеуші, судья болып жұмыс істейтін заңгер қылмыскерге әділ жазасын беру үшін қызмет етсе, прокурор болып қызмет атқаратын заңгер заң бұзған шенеунікті жауапкершілікке тартады. Заңгер жұмысы – құқық үшін күрес, ол күрес заңгерлерге үлкен рухани ләззат сыйлайды.

Заңгер мамандығының тағы бір ерекшелігі – алған білімді мемлекеттік басқарудың әр саласында: ғылымда, экономикада, мәдениетте, спортта және журналистикада пайдалануға болады.

Жоғары білікті заңгер – кәсіби қызметте әр уақытта қажет. Заңгер мамандығын тәмамдаған шынайы білікті мамандар жоғары интеллектуалды әрі ұйымдастырушылық қабілетке ие болады. Қазақстанда заңгер қызмет жасай алатын жұмыс орындарына жататын тізімге назар аударсақ, оларға прокурорлық қызмет, прокурордың көмекшісі, тергеушілер, судья, адвокаттар, юристконсульттар, нотариустар, ішкі істер органдарының жедел іздестірушілері, салық полициялары, кеден органдарының, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін органдардың, мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлері, HR менеджерлер, меншіктің барлық нысанында құрылған кәсіпорындардың басшылары жатады. Заңгерлердің кәсіби мүмкіндіктері арнайы құрылымдарға таралады, яғни, олар: сот, құқық қорғау органдары, сонымен қатар, басқарушылық және шаруашылық секторлар. Тәжірибеде көбінесе заңгерлер өз мамандығы бойынша банктерде, саудада, сақтандыруда, заңды тұлғалардың басшылығында жұмыс істейді. Жана жұмыстар жеке кәсіпкерлердің, тұтынушылардың, авторлардың құқықтарын қорғауда, заңсыз бәсекелестіктің алдын алуда, құрылыс пен риелторлық қызметте пайда болады. Бүгінгі таңда құқық қорғау органдарында білікті мамандардың жетіспеушілігі орын алуда. Қылмыстың өсуі әсерінен тергеу аппаратын, соттар санын, прокурорлардың санын ұлғайту мәселесі туындауда. Ал өндіріс аясында жұмыс берушіге тиімді қызмет атқаратын заңгерлер қажет.

Міне, қазіргі таңда сұранысқа ие заң қызметі саласында мемлекетке өз пайданды тигізіп, қызмет атқару мен үшін үлкен мәртебе.

**Д.Д. САТЫБАЛДИНОВ,**  
қылымстық құқық, қылмыстық процесстік және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы

### Думан СМАҚОВ

1994 жылы 22 наурызда Алматы облысы, Алакөл ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. 2014 жылы Алматы қаласындағы Н. Островский атындағы заң және нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернаттың бітірген.

Қазіргі таңда Думан – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 2-курс студенті. Ол 2015 жылы өткен үздік мультимедиялық жоба номинациясы бойынша Т. Қожакеев оқуларының жүлдегері. Сондай-ақ Астана қаласында өткен «Бұқаралық коммуникацияның өзекті мәселелері» атты халықаралық байқаудың бас жүлдегері, Фараби оқулары бәйгесінің «үздік ғылыми мақала» номинациясының иегері.



### МЕН – ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ

Жылап келіп өмірге, күліп кетем,  
Жөнім бөтен болса да, өнім бөтен.  
Мен – қазақтың баласы, жаным қазақ,  
Суық күнде етіксіз сызды кешкем.

Болашақтан тек қана үміт күтем,  
Тілім менің падиша, елім бөтен.  
Ынтық болып туғанмын, болып ынтық,  
Патшалардан кандықөз көріп өктем.

Жаным қазақ, жүрегім, тәнім менің,  
Әнім елім, жанарым, сәнім менің.  
Өзге әлем өзіне жолдап бізді,  
Ұлын қылды емес пе, елім сенің.

Ұмтыламын тау үсті асқар шыңға,  
Қолы жетпес өзенің тап басқанға.  
Мен бір шыбын тыныштық көрмейтұғын,  
Ұйқы бермес маубас пен нас жалқауға.

Өзің үшін тудым мен, елім деумен,  
Жаратылған өзіңнен менің кеудем.  
Отан үшін жан пида, шыбын жаным,  
Шыбын жан да ел десе өлмес деген.

Бейбіт өмір, береке, бақ орнаған,  
Нұрлы заман көгімде Хақ қолдаған.  
Ынтызармын, өзінді сүйемін мен,  
Сәби жүрек сен үшін дамылдаған.

Мен – қазақтың баласы, жаным қазақ,  
Жүрегім де, ойым да, арым қазақ.  
Қасқыр мінез, қайсарлық, еш қаймықпас,  
Өр рухты, асқарлы бағым қазақ.

### ҚИЛЫ ЗАМАН

Өткердің басыннан сан заман,  
Сүйегі боздағымның түзде қалған.  
Халқы үшін от басып, шоқ шапшытып,  
Ниятіне ұлтымның олар жанған.

Сол бір дәуір бастығы қилы заман,  
Өткізген жұмыр бастан әуре-сарсан.  
Елім-айлап зарлаған анан сенің,  
Бесіктегі баланың қары талған.

Қан аққан көздерінен қарашаның,  
Тастамаған сонда да қара шамын.  
Еріндік арман болып, елес болған,  
Үш жүзіне күллі қазақ, Алашаның,

Зиялыға елдегі пәле жапқан,  
«Халық жауы!» деп баршаға айдар такқан.  
Билері сол заманның ойланбастан,  
Байлыққа халқының арын сатқан.

Айуандық, қаныпезер, залым күштер,  
Сол кездегі елімді жүнше түтер.  
Қиындықты басыннан өткергенсің,  
Қазағым, кезі келді, басты көтер.

Алдаған қарашаны жас баладай,  
Болса дағы басында аппақ самай.  
Қазақты мал көріп, жабайы деп,  
Өлтіріп далаға салған тастай.

Жаптырып сұм түрмеге боздақтарды,  
Қазақтан бас көтерген сол жастарды.  
Өткергенбіз оны да, дара халқым,  
Жоғалтып қолдағы алтын, алмастарды.

Айырылған етінен сүйектей боп,  
Қалды-ау жетімсіреп қаншама от.  
Жәңке кіріп табанға мандай тесіп,  
Күйдірген аяқтарды жанбаған шок.

Жауыр боп арқамыз, ер жастанбай,  
Болған еді-ау кезінде алаш қандай?!  
Ұрындық қарғысына ақ патшаның,  
Көздері тоймаған құммен жаппай.

Тарихта сан ғасырлық шеккен азап,  
Өткерген талай сұмдық бастан қазақ.  
Ақтанбанда шұбырып кетіп еді-ау,  
Басы ауған жақтарға қашып, шарлап.

Жылаған сан нәресте бесіктегі,  
Жүрегін алашымның кескіледі.  
Бүгінгі жайқалған жасыл желек,  
Тұқымы, сол заманның өскіні еді!

Көтерген бастарын ұлтжандыны,  
Халықтың қарапайым жауы қылды.  
Әйелді зарлатып, баланы қорлап,  
Басынан «қызыл жібек таспен» ұрды.

Жалындырып бір оқты әр қазаққа,  
Оянған енді ғана азақ шақта.  
Қадаған жүрегіне сұм жебені,  
Қалдырып ылғи жала болашаққа.

Әтештей қызыл жоса қанды қылды,  
Әкеге өз кіндігін қарсы қойды.  
Ағызып қою қанды өзен қылып,  
Залымның сонда ғана көзі тойды.

Аналар айырылған баласынан,  
Басындағы ұлтымның санасынан.  
Бөрі етектен алғанда қарбаласып,  
Қилы заман жабысқан жағасынан.

Өткердің басыннан қилы заман,  
Көз жасы қазағымның өрт боп жанған.  
Кешсе де қияметті бел ортадан,

Қиындықтың барлығы артта қалған,  
Өткергенбіз басымыздан қилы заман.

### ӘКЕ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

Самал жел дауыл болып лепіргенде,  
Ағын су тасқын болып көпіргенде,  
Өзінді күтуменен, ансауменен,  
Ойлаумен ұзақ күнді өлтіргенде  
Кенесті өзің берген есіме алып,  
Танғанам қалай маған ес кіргенге?!

Асқар тау ала бұлтқа ұмтылғанда,  
Өксікке өкпе толып тұншыққанда,  
Өзінді сағынамын, аңсап жүрмін,  
Күн кетіп, мезет өтіп, ай толғанда.  
Даналық өзің берген дәрістерің,  
Қанатым көкке самғап қол созғанда...

Ойсырап орның қалды, бейің қалды,  
Іздеумен өзінді, әке, көңілім талды.  
Сен бәйтерек болып едің заңғар биік,  
Саялы көленкелі қорғар манды.  
Қалқаным өзің едің жел тигізбес,  
Болса да мейлі боран, мейлі қарлы.

Суық қыс, ақпан еді ызғар шашқан,  
Қалың қар айналаны шындап басқан.  
Сырласам рухыңмен, сыр ақтарып,  
Баласын күтіп өткен, жолын тосқан.  
Ескерткіш жырымменен саған қойдым,  
Артында қалған бала, ұрпақтардан.

### ЖАН ӘКЕ

Жан әке, асқар таудай алып едің,  
Біткені ме бүгіннен соңғы демің?!  
Барасың бізді тастап қайда, әке  
Еріксіз, жас жүрегім, кескілендің.

Арыстай әкем едің арқа сүйер,  
Ойласам өзінді мен ішім күйер.  
Қақаған суық қыста бұның қалай,  
Болғандай басқа ұрып, желке түйер.

Сен жоқсың енді, әке, бұл фәниде,  
Тұрады орның босап барсам үйге.  
Кеткенсің бізді қиып әкетайым,  
Жығылған бала кезде кара жерге.

Өзендей асау екен қарқыраған,  
Жүрегім өзінді ойлап қансыраған.  
Ұлымның сенің, әке, асқар таудай,  
Артында жырымменен қамал салған.

Айырылып қала бердік біз өзіннен,  
Көрмен енді зілді, әке, қос көзіңнен.  
Тұрушы еді маржан түсіп, елжіретіп,  
Фибратқа толы, әке, әр сөзіңнен.

Әттен-ай, дүние жалған шолақ екен,  
Тәңірдің жазғаны, әке, болады екен.  
Қара жер үйің болды енді сенің,  
Пендеге ортақ дейтін жалғыз мекен.

Артында ұлын бар ойланбағын,  
Келгенше шамам, әке, ой бағамын.  
Анамды аманаттай өзіме мен,  
Аландап енді оны ойланбағын.

Мен секілді жас бала, шерменденің,  
Кеммін мен қай жерім елден, ердің.  
Думаны бұл Дубектің дейтін болад,  
Кемсіткен талай бізді, сол елдерін.

## «1000 добрых дел»

Студенты КазНУ приняли участие в благотворительной акции «1000 добрых дел», приуроченной к тысячелетию города Алматы.

В рамках акции добра и милосердия «1000-летие Алматы – 1000 добрых дел» студенты университета под эгидой молодежной организации G38 провели очередную благотворительную акцию. На этот раз помощь была оказана 10 многодетным и малообеспеченным семьям, им были вручены сертификаты для покупки необходимых медикаментов. С самого начала этой масштабной акции студенты КазНУ принимают активное участие и способствуют продвижению данной идеи среди молодежи своего университета.

По словам председателя Комитета молодежных организаций КазНУ

Айсұлу Ерняязовой, подобная акция станет примером совершения добрых дел не только для молодежи, но и для неравнодушных жителей города.

Студенты КазНУ наряду с молодежью города в течение всего года будут задействованы в реализации этой акции. Главной целью акции «1000 добрых дел» является оказание помощи социально уязвимым слоям населения и благотворительной помощи: малообеспеченным и многодетным семьям, ветеранам ВОВ и труженикам тыла, одиноким пожилым людям и людям с ограниченными возможностями, детям-инвалидам, сиротам и др.



Помимо этого, активисты университета намерены оказывать непосредственную помощь и молодежи города путем трудоустройства выпускников вузов и ссузов, оказанием бесплатной юридической консультации для безработной молодежи через консультативные центры «Кенес», а также обучение на подготовительных курсах в учебных заведениях.

**Ернур ДОСЖАНОВ,**  
студенческий пресс-центр

**Философия және саясаттану факультетінде әл-Фарабидің логикалық трактаттарын талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті**

ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультеті шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы «Айналады нұрландыр» жобасы аясында әлемнің түкпір-түкпірлерінде білім беру саласы ұстанымының басты қағидасы болып табылатын «Education around the world» (Білім – бүкіл әлемде) атты ұстанымымен түрлі іс-шаралар өткізуде.

# Білім – бүкіл әлемде



бағалануы турасында психологиялық және педагогикалық ұстанымдарға негізделген слайдтық бейнебаянның көрсетілімін ағылшын тілінде ұйымдастырды. Олар дайындаған материалдар бойынша әлемнің көптеген дамушы елдері «Білім бүкіл әлемде» атты серпінді бастылыққа ала отырып, алдымен балалар мен жасөспірімдерді сауаттылыққа тым ерте дайындауды басты мақсат ететінін байқадық. Ендеше, талап та күшті.

Дөңгелек үстелге қатысқан студенттер де сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын ағылшын тілінде еркін жеткізіп отырды. Әрбір жауап өзіндік баллдык жүйемен бағаланды. Бұл игі іс-шара барысында «Шетел филологиясы» мамандығы

қазақ бөлімінің 1-курс студенттері – Рамазанқызы Ақмарал, Талғатқызы Меруерт, Қанатқызы Айдана ағылшын тілінде еркін пікір білдіруімен көзге түсті.

Осындай іс-шаралар студенттеріміздің білімін дамытуда ғана емес, тәрбие ісінде де өте тиімді екендігі баршамызға белгілі. Сондықтан да алдағы уақытта іргетасы мықты, дамыған 30 елдің қатарына ену межесін іске асыру мақсатында осындай шаралар жалғасын таба бермек.

**Мағүлсім ЖАҢАБЕКОВА,**  
**Әліби ӘРІПОВ,**

*шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының оқытушылары*

■ БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

## Жазу мен мінез байланысы

Графология - жазуға қарап адамды сипаттайтын ғылым саласы, ал оның маманын графолог деп атайды. Кейінгі жылдары графологтар әйел мен ер адамның қолтаңбасын жиі шатастыратын болып жүр. Өйткені әйелге тән мінезді болып келетін ерлер көп. Бейкәсіби мамандардың арасында әдемі, дұрыс жазылған жазу адамның ішкі жан дүниесінің тазалығын көрсетеді деген адасушылық басым. Керісінше, түсініксіз жазу - көздеген мақсатына жетпей тынбайтын, табанды, интеллектуалды жетілген адамдарға тән көрінеді. Өріптерді ерекше сәндеп жазатындар құлықсыз, түсінік танымы төмен адамдарға тән.

**СӨЗДЕРДІҢ ӨЛШЕМІНЕ ҚАРАЙ АНЫҚТАЙЫҚ:**

1. Майда почерк. Олар – ұялшақ, камкор, сабырлы жүретін, өзін қоршаған ортада жақсы ұстайтын адамдар.
2. Орташа өлшемді почерк. Мұндай адамдар өте сезімтал келеді.
3. Үлкен өлшемді почерк. Олар оптемист және қоршаған ортамен жақсы қарым-қатынаста болады.
4. Өте үлкен өлшемді почерк. Мұндай адамдар өздеріне сенбейді және өзгелерді өзіне қаратады. Олардың көз жанары әлсіз келеді. Керек кенес

**ҚОЛТАҢБАНЫҢ ЖАЗЫЛУЫНА КӨҢІЛ АУДАРСАҚ:**

1. Жоғары қарай көтерілген қолтаңба адамның ширақ, оптимист, қозғалғыш екенін көрсетеді
2. Тігінен жазылған қолтаңба адамның тұрақты, салмақты екенін көрсетеді
3. Төмен қарай түсірілген ол адамның пессимист екенін, сенімсіздігі басым, өмірге және жұмысына қанағаттанбайтындығын білдіреді.
4. Ірі әрі жайлып қойылған қолтаңба адамның өзімішлдігі басым, күнделікті қарапайым өмірмен көп келіспейтіндігін көрсетеді.
5. Фамилиясының бастапқы әрпімен басталатын қолтаңба қарапайымдылықты көрсетеді.
6. Қолтаңбаның басында адамның атының бастапқы әрпі, содан кейін фамилиясы тұрса, онда іскер, жауапкершілігі мол, ойшыл деп түсініңіздер.
7. Алдыңғы әрпі түсініксіз болса, онда ол адамның тұйық, сенімсіздігі көп, досты тандай білетіні көрінеді.
8. Егер де қолтаңбада біркелкі штрихталған әріптердің қайталануы көп болса, онда сіз өте белсендісіз, әртүрлі қызметтен өзіңізге керегін дұрыс таба аласыз.
9. Қолтаңбада қосымша элементтер болса (штрихтер, ілмектер, өрнектер), онда сіздің тапқырлығыңыз басым.
10. Қолтаңбаныздағы бастапқы әрпіңіз не қолтаңбаныздың түгел әрпі қисынсыз әрі өте көп әшекейленсе, онда сізде эгоизм, өзімішлдік басым болғаны.
11. Ешқандай көркемдеусіз қойылған қолтаңба – адамның тәрбие көрген, мәдениетті екенін білдіреді.
12. Қолтаңбаныз тіке келіп соңында төменге қарай ширатылса, онда сіз белсенді, тәуекелге баратын, батыл, қараманыздағы адамдарға қатал болғаныңыз.
13. Қолтаңбаныздағы соңғы сызығы бастапқы әріпке қайта қосылса, ол қолтаңба иесінің эгоист, ешкімге сенбейтін, тұйық адам екенін білдіреді.

*surak.szh.kz*

## ТҰМАУ – ӨТЕ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ

Бүгінгі күні тұмау көп тарайтын жұқпалы аурулардың бірі болып есептеледі. Жылдар бойы ол эпидемия көзі болып, 5-10 пайыз ересектер мен 20-30 пайыз балаларды зақымдауда.



Вирус адамдарда көбіне өте ауыр түрде өтіп, кейде өміріне қауіп төндіретіндей асқинулар байқалады (пневмония, өкпе абсцессі, өкпе көк ет эмпиемасы, респираторлық дистресс синдромы, құлақтың қабынуы, кенірдектің ісінуі, энцефалит, менингит, токсико-аллергиялық шок т.б.). Бұлар тұмауға қарсы алдын алу шараларының кешенді түрде жүргізуін талап етеді.

Кейде ол асқынып кетіп тыныс жолын, нерв жүйесін, қан тамырды, жүректі ауруға шалдықтырады. Тұмауды қоздыратын вирустар (микробтар) тыныс жолының кілегей қабығында өсіп-өнеді. Тұмау тиген адам аурудың микробын жөтелгенде, түшкіргенде және қақырығы арқылы ауаға таратады. Сондай-ақ тұмау вирусы наукастың ыдысы, сүлгісі, қол орамалы, кітабы және т.б. арқылы жұғады. Тұмау вирусы өте тез тарайды. Бір мезгілде бір облыс, өлке, тіпті бүкіл жер жүзі адамдары жаппай ауыруы мүмкін. Тұмау салқын кезде жиі, ыстықта сирек кездеседі. Кейде адамға суық тиіп, тыныс жолының жоғарғы бөліктері қабынуы, оның тұмауға ұқсауы да мүмкін. Бірақ бұл тұмау емес. Ол – салқын тигенде мұрын, көмей,

жұтқыншақтарды жайлайтын басқа микробтардың әрекеті. Тұмау вирусы күн сәулесінен және зарарсыздандырғыштар (хлор, қышқылдар, спирт және т.б.) әсерінен тез қырылады.

Тұмау басталғанда адамның денесі дел-сал болып, көңіл-күйі нашарлайды және тағамға тәбеті шаппайды. Бір-екі күннен кейін дене қызуы көтеріледі, басы ауырады, бұлшық еттері сыздап, буын-буыны сырқырайды, мұрны бітеді, дауысы қарлығып, жөтеледі, тамағы қызарып, жұтынғанда ауырады, көзі қызарып жасаурайды. Адам дереу дәрігерге көрініп, емделсе, үш-бес күннен кейін дене қызу төмендеп, сауыға бастайды.

Емі – міндетті түрде дәрігерді үйге шақырып, ем қабылдау! Өз бетімен ем-дом қабылдамау! Дерттің асқинуына жол бермеу!

Арудың алдын алу шаралары:  
-иммунитетті көтеру мақсатында уақытылы құнарлы тамақтану, дем алу;  
-вакцинация;  
-ауру көзі болып отырған наукастардан өзін алшақ ұстау;  
-жеке бас гигиенасын сақтау.

**Д.Б. БУЛЕГЕНОВА,**  
*Бостандық аудандық ТҚҚБ бас маманы*

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Айгерім КАМАЛДИНОВА, Елдана ТОҚБАЙ**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды  
Тел.: 2-93-09-09

**Бағасы келісім бойынша.**

**Таралымы 1000 дана**  
**Талпырыс №61**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.